



ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

ҚҰРМЕТТІ ИНВЕТОРЛАР, АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

2020 жылы біз қазіргі әлемдегі күрт өзгерістердің күәсі болдық. Әдеттегі өмір салты өзгерді. Экономикалық әл-ауқат пен физикалық денсаулық пандемиямен ауыр сынаққа ұшырады. ОПЕК+ келісімі аясында мұнай бағасының құлдырауы, оны өндіру көлемінің қысқаруы, сондай-ақ мұнай өнімдеріне деген сұраныстың төмендеуі осы жылы Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің әлсіреуіне әсер еткен негізгі сыртқы факторларға айналды.

Компанияның қаржылық орнықтылығын сақтау ҚМГ-нің 2020 және 2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы әзірленген шараларының негізгі міндеттерінің бірі болды. Жыл қорытындылары біздің экономикалық дағдарыстың өсерін едәуір жұмсартып, қаржылық орнықтылығымызды сақтап, ұзақ мерзімді перспективада дамуымыз үшін жеткілікті жағдайларды қамтамасыз ете алғанымызды көрсетті.

Бұған екі фактор ықпал етті. Біріншіден, соңғы бірнеше жыл ішінде біз Компанияның қаржылық жағдайын жақсартатын бірқатар іс-шараны жүзеге асырдық, бұл оны мүмкін болатын экономикалық дағдарыстарға дайындады. Екіншіден, біз биылғы дағдарысқа қарсы шараларды сәтті жүзеге асырдық, соның арқасында қаржылық нәтижелер пандемия басталғанда біз болжағаннан жақсы қалыптасты.

Мұнайды аванстау бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, 2017 жылдан бастап қарыз жүктемесі 16 млрд доллардан 10,3 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. 2020 жылы біз шоғырландырылған берешекті өткен жылдың деңгейінде сақтап қана қоймай, оны 341 млн АҚШ долларына азайта алдық. Биылғы жылы Компанияның еурооблигациялары бойынша ірі өтеу кестесі тегістелді, соның арқасында келесі ірі өтеу 2025 жылы ғана күтіледі.

Жоспарлы күрделі және операциялық шығындарды оңтайландыру нәтижесінде еркін ақша ағыны 213 млн АҚШ долларына жетті, бұл ретте пандемия басталған кезде ол теріс болады деп болжалды. Сондай-ақ біз өзіміздің еншілес компанияларымыздың қызметін қас-салық алшақтықсыз қамтамасыз еттік.

Өзінің қаржылық орнықтылығын растау үшін біз осы жылы Moody's, Fitch пен S&P несиелік рейтингтерін сақтап қалдық. 2021 жылы біз дағдарысқа қарсы іс-шараларды іске асыруды жалғастырамыз, Компанияның стратегиялық басымдықтарына адалдығымызды сақтаймыз және жаһандық оқиғалар мен ел ішіндегі ахуалға қол жеткіземіз.

Дәурен Қарабаев,

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ
Басқарма төрағасының
экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары